

арнап жіберген үйіне тоқтамауы да қателік. Бүркіттен хат болмады деп, Мүсәпірмен серуендеуі – әлсіздік. Қанша оқырман, сонша пікір болуы да заңды. Бір сөзбен айтқанда, «Мөлдір махаббат» романы әлі күнге дейін сұранысқа ие, оқылып қана қоймай, жастардың арасында терең талқыға да түсетінін көргенде шығарманың өміршеңдігіне тағы бір көз жеткіземіз.

1. Т.Кәкішұлы, К.Ахмет «Сәбит Мұқанов» (Әдебиет ғылымы ғұмырнама). Алматы: Арда, 2005 ж.

2. Р.Тұрысбеков «Адасқандар» романының нұсқалары, кейіпкерлер әлемі туралы // «Лениншіл жас», 1990 жыл, 14 желтоқсан.

3. С.Мұқанов «Мөлдір махаббат», Алматы: Жазушы, 1988 ж.

\* \* \*

В статье автор анализирует повесть «Адасқандар» («Мөлдір махаббат»), одно из лучших произведений С.Муқанова, с точки зрения современного художественного миропознания.

*Н. С. Исмагулова*

## СӘБЕЦНІҢ ШАҒЫН ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

С.Мұқановтың жазушының қазақ прозасында социалистік реализм принциптерін қалыптастырған шығармаларының қатарында оның әйгілі романдарымен бірге, әңгіме, повестерінің де аталуы заңды. Өмірді сырттан бақылаушы болмай, жаңа заман істеріне белсенді араласқан, әдебиеттің партиялығы мен халықтығы принципіне кіршік шалдырмаған суреткердің прозалық қысқа жанрдағы туындылары да елеулі. Бұл мақалада біз Сәбецннің шағын прозалық шығармаларының ішінен оның 16 томдық таңдамалы шығармалар жинағына енген повестері туралы сөз қозғамақпыз.

Жалпы жазушы шығармаларында адамды көркейтетін, абыройға жеткізетін қуатты күш ретінде еңбекке ерекше мән беріледі. Әсіресе, «**Жарқын жолмен**» және «**Ажардың ажалы**» повестерінде. Бұлардың алғашқысында қазақ әйелдерінің арасынан алғаш рет техниканы меңгергендердің бірі тракторшы Үміттің бейнесі, соңғысында еркін махаббатқа ұмтылған, өмірге құштар Ажардың іс-әрекеті нанымды берілген. Бұл шығармалардың тағы бір ерекшеліктері – өмірдің тікелей жанды айғақтарын қорыту негізінде жасалғандығы. Өмірді терең зерттейтін, кеңестік құрылысқа тікелей араласқан жазушы қалың айғақтар ішінен типтік оқиғаларды екшеуге мол мүмкіндік табады. Таптық тартыс қаншалықты шиеленіскен оқиғалар тудыратынын «Ажардың ажалы» повесі айқын дәлелдейді. Мұнда тәркілеуге ілінген Төлебайдың жаулық әрекетке көшуі, астыртын қастандықтар жасауы, оның нәтижесінде Ажардың қайғылы қазаға ұшырауы әңгімеленеді.

Білімге қарай құлаш ұрып, алғырлығымен

жақсы нәтижелер көрсетіп жүрген, ел мақтаған Ажардың, ең бастысы, әкесінен демеу көрмеуі, оның надандық көзқарастарының оған көп нәрседе тосқауыл болуы – шығармадағы ең басты трагедия болып табылады. Қызына өмірінде не әкелік жылы сөз айтпаған, не сүйіп иіскемеген, аузынан ешуақытта несие сөз шықпайтын, айтатын сөздері әрі долаң, әрі тұрпайы әкесі Қаратілеудің портретін жазушы шеберлікпен бере білген: «Қаратілеудің ісіне түсі лайық сықылды: алпамсадай денесінің жауырыны күдістеу келген, алдындағыны тарпа бассалғандай еңкек; қалың қабағында қою, ұзын қара қасы кішігірім сақалдай желкілдейді, ойнақшыған кішкене шүңірек қара көзі інінде жатқан жыландай жылтырайды; бет-аузының мұрны мен көз көлемінен басқа жерін түгел жапқан бұйра қою қара сақалдың қылдары аттың ту құйрығындай; саусағының буындарына дейін шоқтала өскен қара қылдар анау-мынау мұрттай; дауысы бұқаның өкіргеніндей жуан» (1.161). Осы бір суреттеу қыз әкесінің бейнесін, сыртқы келбетін көз алдымызға еркін елестетуге мүмкіндік береді. Ал төмендегі жолдардан оның мінезін, жан-дүниесін, жаратылыс табиғатын танимыз: «Ол, өз ақылынан басқаны тыңдамайтын қырыс, кер азу, мінезі ұрт адам да. Жанына жақпаған істе, кім де болса бетінен алып қауып тастайтын. Сол мінезінің үстіне Қаратілеу өлгендей жалқау. Жасы қырық бестерге жаңа келген, күші қайтпаған, істеп кетсе жұмыс алдынан бұрқырап отыратын кісі болғанмен, үйінде тым-тырыс жата береді де, табысы болмаған соң не асқа, не киімге жарымай жүдейді де жүреді. Ажардан басқа жаны – әйелі.

Бірде ауру, бірде сау оның тиіп-қашты еңбегі кімді жарытады? Қылығына қарап, Қаратілеуді колхоз басқармасы мүшеліктен шығарып жіберуге талай рет оқталады да, жалғыз Ажардың көңілін қимағандықтан қалдыра береді» (1.167).

Ажар мен Тайжан арасында бейкүнә махаббат отының тұтануы тартымды суреттеледі. Қыздың ұнатпауына қарамай, оны қолға түсірудің бар амалын жасап жүрген прокурор Салмақпай мен оған жел беріп, көмектесіп жүрген Төлебай есімді қаскүнемнің азғырып, айдап салуы нәтижесінде Қаратілеу ақыры Ажардың ажалына жетіп, қылмысты Тайжанның мойнына артады.

Күнәсін кеш түсінген қыз әкесі сот барысында ауыр қылмысын мойнына алады. «Ағынан жарылған оның ұзақ және ауыр сөзін, көппен бірге, мәжіліске қатынасқан жазушысы да тыңдап отырып қажетті жерінің бәрін блокнотына сүйкеп алды. Сол сүйкеуден осы повесть туды» (1.212) деп аяқталатын шығармадан аңғарғанымыздай, 1935 жылы нақты өмірде болған оқиға желісінде 1937 жылы жаңа повесть дүниеге келген.

Сәбит Мұқановтың жоғарыда сөз болған жаңа адам бейнесін елестетерліктей еңбектерімен қатар, **«Бақташының баласы»** атты шығармасында қызғылықты адам мінездері кездеседі. Жалпы бұл шығармада шаруашылық малына тыныштық бермейтін, көшпелі, мал баққан қазақ халқына қашаннан таныс жау – қорқау қасқырмен алысқан қарапайым қазақ шалының бейнесі сомдалған. Шалдың іс-әрекетінің басы-қасында немересін қатар жүргізу арқылы, атасына болысуына, одан көп нәрсе үйренуіне назар аудара отырып, автор ұрпақтар сабақтастығына меңзейді. Жаңа өмір ағымына қарамастан, кең даланы мекен еткен, сол даланың тілінде сөйлей алатын, әлі де сұранысқа ие болып қала бермек қазақы қасиеттің, өмірлік тәжірибенің құндылығын аңғартады. «Ит – жеті қазынаның бірі» деп санаған қазақ халқының аңға тазы қосу өнерінен, жалпы аңшылық өнерінен жазушының хабардар ғана емес, бұл оның жанына жақын тақырып екендігін қаламгердің шығарма тақырыбын шебер аша білуі айқын байқатады.

Сәбит Мұқанов – тарихшы жазушы. Оның жазушылық тәжірибесін қадағалап қараған адамның қай-қайсысы болса да бұл пікірді жоққа шығармайды. Жазушы қазақ қоғамының даму жолын, ондағы негізгі бетбұрыс кезеңдерді өз шығармаларында шыншылдықпен бейнеледі. Бірде дәуірдің тарихи оқиғаларына сүйене, бірде кітаптарын өмірде нақты болған адамдардың іс-

әрекетіне құра отырып, ол халық өмірі дамуының бұлттарыссыз шындығын өз шығармашылығының өзекті тақырыбы етті.

Жазушының «Балуан Шолақ» шығармасынан да осы тарих белгілерін мол табамыз. Өйткені «Балуан Шолақ» тарихта болған қазақ халқының дарқан ұлы туралы шығарма. Қаламгер шығармасын көпшілікке аңыз деп ұсынады, дегенмен осы бір тарихи шындық суреттеріне бай, дәуір тынысы кең қамтылған шығармаға қажет материалдарды жазушыға халық өмірі, оның қуанышы мен қайғысы, сол жолдағы Балуан Шолақтың күресі берді. С.Мұқановтың өте сәтті шыққан туындыларының қатарына жататын бұл шығарманы зерттеу нысанына айналдырған ғылыми мақалалар да аз емес. Мысалы, ұлы жазушымыз М.О.Әуезов: «Ескі өмірден алынған кейіпкерлерінде де жаңа дәуір таңын тосқан асыл сезімдер жүреді. Ауыл тірлігін революция жолымен жаңғыртам деп алысқан жеке-жеке адамдардың бәрінде үлкен оптимистік наным мол болады. Осылай етіп суреттеу жазушының өз кеудесіндегі үлкен нанымнан туған» (2.10) десе, әдебиетші-ғалым Белгібай Шалабаев: «Романның батырлық дастандарға ұқсауында көп мән бар. Сюжет дамыған сайын қызықты болу үшін автор бұрынғы қазақтың эпостық жырларының әдісін қолданып отырады. Балуан Шолақ кейде «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын, найза өтпейтін, қылыш кеспейтін ертегінің ері сияқты. Баяғының батырындай оның да «Аққошқар», «Қаршыға» тәрізді әруағы, «қолтығына қос қанат біткен аты» бар. Жекпе-жекте жолбарысты да өлтіреді» (3.140) деп жазады. Жазушының жыр-дастандарды жатқа айту машығының шығармасының сюжетін дамыту, кейіпкерлерінің образдарын сомдау ісінде оң нәтиже бергендігі айқын.

Ал алыптың Ақбоз аты туралы: жазушы Естай Мырзахметов: «Балуан Шолақ жанына балаған тұлпарын жас баладай мәпелеп бағып, неше түрлі өнерге үйреткен ғой. Ақбоз ат иесінің айтқанының бәрін түсінетін болған және де иесіне шексіз берілгені сондай, оның айтуынсыз, бұйрығынсыз аяғын қия басуды білмеген. Байлаусыз, тұсаусыз жүретін, енесінің соңынан ерген құлындай, жетелемей-ақ еріп отырған. Сөйткен есті жануар алты күн бойы тас қорада байлауда, қамауда тұрып, аласұрып, иесін іздеп, арқырап, кісінеумен болған емес пе? Енді иесін көргеннен кейін сағынып көрісіп құшақтасқан адам секілді басын екі иығына кезек-кезек салып, көзінен жас сорғалап, кісіше жылағанын Балуан Шолақ жүрегі елжірей айтып

жүрген дейді. Өленде де сол. Ақбозының көзжасын тыя алмағанын айтқан. Ол жайды жете білмейтін біреу Балун Шолақ өзі жылады деп ұққан», – десе (4.7), тұлпардың қасиеттілігі жайлы Балун Шолақтың немересі Шайдолла Құдайбергенов: «...Бұл жануар өте белді және ақылды ат болыпты. Белді дейтінім, атамыз осы Тастыөзектің Аққұдық жайлауында қызы Бәтенді ұзату үшін той жасайды. Сонда жігіттер көкпар тартамыз деп оның үлкен ұлы Исажардан серке сұрайды. Мұны естіген Балун оларға: «Жапырақтай жалғыз атқа қайсысыңның тақымың толады. Одан да тана тартындар, – деп мүйізі шығып қалған өгізшені бауыздап береді.

Намысқа тырысқан небір атпал азаматтар әлгіні қозғалта алмай әуре-сарсаңға түседі. Жігіттердің ақ тер, көк тер болғанын көрген атамыз түс қайта Ақбозбен «көкпарды» жерден үзеңгі бойы көтерген күйі ауыл шегіндегі Айша деген жесір әйелдің есігінің алдына апарып, солқ еткізіп тастай салады. Сонда батырдың астындағы аты әлгі екі аралыққа дейін сымдай созылған күйі аяғын санап басып, сыр бермей жетті дейді көргендер. Ал, оның ақылдылығын мынаған байланыстырып айтады. ...Балунның қарасы көрінсе немесе оның дыбысын естісе жарықтық Ақбоз өрісте жүрген жерінен желіп отырып келіп атамызға бір соғып кетеді екен. Ол кісі иығын тұмсығымен түрткілеп: «Мен келдім!» – деп тұрған оның мойнын алақанымен қағып, еркелеткеннен кейін ғана, аты үйірдегі жылқыларға қайта барып қосылатын болған» – дейді (5.4).

Шығармада Балун Шолақ Көкшетау елінің атақты байы Нығметжанның асау жылқысы – Ақбозды үйретіп мінеді: «... Мойнына бұғалық түскенін сезген Ақбоз қарғи кеп жөнелгенде, Балун Шолақ жерге отыра қап, жұлқи тартты. Шапшыған ат тегеурінді қолдың екпінімен шалқасынан түсті. Ат түрегелгенше Шолақ шап етіп құлағынан ұстай алды. Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағынан төмен қарай тұқырта басып калып еді, ат етбетінен түсті.

Ақбоз жанталасып екінші рет тұра бергенде, Шолақ оның құлағын босатып, тізесіне төгіле өскен шоқтығына сол қолын орап алды да, жұқа шаптан қамшымен тартып жіберді. Бұрын етіне бұндай таяқ тиіп көрмеген Ақбоздың жаны ышқынып, орнынан тұра, ыта жөнелгенде Шолақ үстіне қарғып шығып кетті...» (6.50). Бұл жолдардан балунның «қолтығына қос қанат біткен атына» қатысты тұстарда аңыз сарыны шындық ауылынан алысқа кетпегенін байқаймыз.

Ғалым Серік Қирабаев: ««Балун Шолақтан» менің өз басым қараңғыда қарманып, шығар жолды таба алмай жүрген, бірақ ешкімнің тәлкегі мен зорлығына көнбейтін халықтың мылқау, дүлей күшін көремін. Оны оқыған кісі адамның біреуге тәуелді, құл болуының заңсыздығын, ол адам табиғатына жат екенін аңғарады. Адамдық ар, намыс оған көнбейді. Адам қашанда ерікті болуға тиіс. Балун Шолақ бейнесі бізге осыны түсіндіреді. Ол ешкімге жалтақтауды, билік басындағылар мен орыс чиновниктерінен қаймығуды білмейді. Оларға қарсы саналы күрес те жүргізбейді. Жолына бөгет болған жандарды сүйретіп тастап, дүрліктіріп, өз жолымен жүре береді. Балун Шолақтың жеке басына тән осындай мінездерге жазушы тарихи көзбен қарайды. Шығармадағы Балун мен Ғалияның ғашықтық суреттері оған көтеріңкі рең береді. Саяси күрестен аулақ, қоғамдық өмірдің сырын танырлық білімі де жеткіліксіз балунның ішкі рухани байлығын біз осы махаббат линиясынан танимыз. Оны қажытпай, ілгері сүйреп жүрген де осы байлығы. Сэбиттің романды әуелде «Батырлық поэма» деп жариялауы да тегін болмаса керек» (7.229).

«Балун Шолақ» романы, ең бастысы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейінгі халық тағдырының қат-қабат сырларын ашады. Қарапайым бұқара халықтың ғасырлар бойғы үнсіздік көрпесін ысырып, көнбістік қамытын шешіп, саналы түрде көтеріліске бел бууының тарихи-әлеуметтік себептерін көркем бейнелеп береді. Аталмыш шығармадағы тартыс пен характер мәселесін дендей зерттеген ғалым Серік Мақырұлының сөздерімен айтсақ: «Балунды жерлеу кезіндегі қарапайым көпшіліктің Шолақтың трагедиялы өліміне қайғыруымен әділетсіздікке қарсы ашу-ызаның қатар тасқындауы, сана-сезімдеріндегі серпіліс, ширьғу, батыл, ашық әрекетке бәтуаласу – мұның бәрі халық психологиясындағы түбірлі өзгерісті аңғартады. Романның идеялық-көркемдік мақсаты да біздіңше осыны – халық оянысын, осыған себепші болған әлеуметтік жағдайды бейнелеу. Осындай идеялық мақсатына сай жазушы романға Балун Шолақ бейнесін басты тұлға етіп алады. Өйткені өзінің қуғын-сүргінде өткен ерекше тіршілігімен, зорлық иелеріне қарсы жүргізген стихиялы күрес-тартысымен халық тағдырын, оның санасындағы сілкіністі, оянуды, жамандыққа қарсы тұра алатын жігері мен күшін танытады» (8).

Жоғарыда аталған пікірлермен қатар, ғалым Р.Қажиақбарованың «С.Мұқановтың «Балун Шолақ» романының шығармашылық тарихы»

атты зерттеу еңбегінің құндылығын ерекше атап өтуіміз тиіс.

«Тарихи тұлға – Балуан Шолақ Баймырзаұлы жазушы шеберлігінің арқасында әдеби кейіпкерге айналады, дара мінезімен, іс-әрекетімен бірге рухани ішкі қасиеттері тұлғаланады. Мұндай жағдайда көзбен көрген, бастан кешкен, ой елегінен өткізген оқиғалар, образдар шығармаға шынайы сипат береді» (9) деп орынды пікір білдірген ғалым одан әрі Балуан мен Сәбеңнің өмір жолдарынан үндестік іздеп, оны шығармалардан келтірілген нақты мысалдар негізінде дәлелдеп береді. Екеуінің де жастайынан өлеңге, күреске құштар болуын пайымдай келе: «...жазушы Балуан Шолақтың бала шақтағы характерін ашуда өзінің бала кезгі бастан кешулері мен кейіпкер түптұлғасы жайындағы ел аузында аңызға айналған естеліктерді ұштастыра пайдаланған...» (9) деген сынды дәйекті пікірлер білдіреді.

Жалпы Сәбит Мұқанов көп жазған және жемісті жазған, сол еңбегі арқылы көзінің тірісінде-ақ дүниенің төрт бұрышына түгел дерлік танылған қаламгер. Оның «мұқалып көрмеген» қаламынан туған туындылар қаншалықты көп болса, соларды таңдап, түсіндіруге, жақсыларын жарқырата көрсетіп, кем-кетіктерін ашарлық сын-ескертпелер жасауға арналған шығармалар да, байқағанымыздай – әсіресе, «Балуан Шолақ» туралы, соншалықты мол, ұшан-теңіз.

Шеберлік – тек талантпен ғана алынар асу емес, ізденіспен, ерен еңбекпен игерілер шың. Олай болса, Сәбеңнің «Балуан Шолақ» туындысының шебер өрілуіне себепші факторлар қатарына тынбай ізденіс нәтижесінде тақырыптың сәтті таңдалуын және осы тақырыпты ашу жолындағы тынымсыз еңбегін де жатқызған жөн. Ал, Сәбеңнің қайталаулары ше? Бұлар да бір-біріне оралғы болып, оқуды қиындатып тұрған жоқ па? Тіпті олай емес! Көне көз, кәрі құлақ қарттардың ертегі-аңыздарды осылай бастайтыны, онысын үй толы жұрт ұйып тыңдайтыны рас. «Екен»-дер мен «дейді»-лер шал мен кемпірдің, жігіт пен қыздың бастарынан өткендерін, оны халық жадында сақтап, ұрпақтан ұрпаққа айтып қалдыра беретіндігін аңғартса керек. Қаршадайынан сондай ертегі-аңыздарды көп естіп, жаттап өскен және оларын топ алдында айтып дағдыланған сұртаңдайлар сөзді қашан да осылай бастаған. Халық прозасының ауызша әңгімелеуге де қолайлы, тыңдаушы құлағына да құйыла беретін осы бір «жеңіл» әдісін Сәбең романдар мен повестер жазу үстінде, әсіресе монологтар мен авторлық

баяндауларда шебер қолданған. Сөйлемдердің қарапайымдылығы, олардың оқуға, айтуға, қабылдауға соншалық жеңілдігі, жеке сөздердің бірін-бірі күшейтіп, ұғымды дәл беріп қана қоймай, жан-жағына, оқушы ойына сәуле түсіріп тұратын бейнелілігі халықтық әдебиет рухын танытады. Сәбең шығармаларының баға жетпес құндылығы көп сырлары мен қырларының бірі осында – олардың халық әдебиеті қайнарынан суарылғандығында және оның туын поэзияда ғана емес, көркем прозада да жоғары көтергендігінде болса керек.

Мысалы, ертекті-әңгімешілердің белгілі бір оқиға желісін тартуы бар да, оны тыңдаушыларын қызықтыра өрбітуі бар ғой. Басты кейіпкерлердің қимыл-әрекетіне, қарама-қарсы күштердің қақтығысына байланысты оқиға бірде шиеленісіп, бірде «баяу» ағады. Кейде арнайы баяндауды, қосымша түсінік беруді қажет ететін жайлар да тап болады.

Ол өзінің прозалық шығармаларында, реті келген жерінде, сөз, оқиғалар орайына қарай, халық әдебиетінің барлық жанрларынан дерлік мысалдар келтіріп, ұзақ-ұзақ үзінділер, мазмұндаулар да беріп отырады. Бұлары шығарманың ажарын ашып, оқушыларын қызықтыра түседі. Сонымен қатар олардың халық әдебиетінен азды-көпті мағлұмат алып, ой-өрісін кеңейтуіне де көп пайдасын тигізеді. Сәбең шығармалары кешегі ұрпақты ғана емес, бүгінгі және келер ұрпақтарды рухани қазынамызды сүюге, қадірлеуге тәрбиелейді десек артық емес.

Ұрпақтан ұрпаққа қалып келе жатқан рухани қазынамызды жасаушы да, оны қас-терлеп сақтаушы да халық. Ел ішінде ертекті-шілер мен әңгімешілер, ақындар мен жыршылар, әншілер мен күйшілер көп. Кең далаға іргесін кең сала қоныстанған ауылдардың үстінде әрқашан дерлік ән қанатын қағып тұрады. Үлкен-кіші жиындарда өлең-жыр өзендей тасып жатады. Қарттар бас қоса қалғанда әңгіме-дүкен қызып, ағыл-тегіл шешендік сөздер тиегі ағытылады. Ақылдыдан шыққан асыл сөздер таланттыларға жетуге асығады. Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер тыңдаушыларының құлағына құйылып, жаңа бір ой салып жатады. Олардың құдіретті күші жамандықтан жирендіріп, ізгілікті, жақсы әдетті үйретуге жұмсалады. Бір сөзбен айтқанда ескіруді, тозуды білмейтін, мәңгілік көгеріп, жайнап құлпыра беретін халық әдебиеті өзі туған халқына қалтқысыз қызмет етіп бағады.

Осындай шешендік сөздер, халық даналығы тудырған мақал-мәтелдер Сәбең кітаптарынан көптеп орын алған. Оның қаламынан туып,

жарық көрген дүниелерді оқығандардың назарына ең алдымен шалынатыны да осы – мақал-мәтелдердің молдығы. Олай болса, бұл пікіріміздің дұрыстығына шүбәланушылар да болмауы тиіс. Сәбит Мұқанов шығармашылығы туралы сөз болғанда халық әдебиеті және оның жазушы жолына әсер-ықпалы туралы мәселеге соқпай кету мүмкін емес.

Сәбеңнің «Туған халқыма» атты өлеңінде мынадай бір жолдар бар:

Сөйлесем сырларыңа кетем сүңгіп,  
Аламын жанға азық мың-сан күндік,  
Өзіңе сыйды тарта білгенімді,  
Жеткенше әл-қуатым кеңес жыр ғып.  
Қай тұсқа барсамдағы кезігесің,  
Әрдайым жандай жақын сезілесің,  
Бүгіннің, болашақтың, өткеніңнің,  
Шертесің көрген сайын шежіресін.

Сәбеңнің осы бір екі ауыз өлеңі оның бар сырын, шынын айтып сайрап тұрғандай. Халық жазушысы халқымен күнде сөйлесіп, сырларына сүңги берген. Сөйлескен сайын одан өлшеусіз мол жан азығын алған. Халық шежіре шертуден, жазушы оны тыңдаудан және сол білгендерін, оның өзіне көркем туынды түрінде жомарттықпен сыйға тартудан жалықпаған. Сондықтан да оның әрбір шығармасы нағыз халықтық болып туған, оқушылар жүрегіне тура жол тапқан.

Қорытындылай келе айтарымыз, жазушының бұл еңбектері – жеке тоқталып айтуға, зерттеуге, насихаттауға тұрарлық туындылар. Осы бір повестерін зерделеу суреткердің стильдік ерекшелігін, көркемдік бейне жасау мүмкіндіктерін, шеберлік деңгейін терең және толық түсінуге мол мүмкіндік береді. Қаламгер бірде тарихи оқиғаларға сүйене, бірде өмірде нақты болған адамдардың іс-әрекетіне құрылған, халық өмірін суреттейтін, көркемдігі, идеясы жағынан құнды, шыншылдықты бейнелейтін, асыл туындыларын қазақ қауымына мұра ретінде қалдырды, қазақ прозасының арнасын кеңейтті.

«С.Мұқанов толық мағынасында халық жазушысы еді. Оның бұл қасиеті дарынды жазушының ұшан-теңіз шығармашылық мұрасынан, оның сан-сала тақырыбынан, бай мазмұнынан, берік идеялық тұрғысынан, байырғы да құнарлы халықтық тілінен анық көрінеді. Сонымен қатар бұл қасиет оның халықпен мидай араласқан байланысынан да көрініп тұратын еді. Аудан, облыстарды, өндірістерді, колхоз, совхоздарды,

оқу, мәдениет орындарын Мұқановтай көп аралайтын жазушыны өз басым бұрын-соңды көргенім жоқ. Қайда жүрсе де қарапайым адамдардың ортасында мұндай сіңімді, мұндай жағымды да сүйкімді жазушыны және көргенім жоқ. Өйткені, оның өзі қарапайым еді, кішіпейіл еді, мінезі жарқын еді, – кәрі болсын, жас болсын, әйел болсын, ер болсын, – бәрімен дереу түсінісіп, тіл тауып кететін» деп жазады ғалым М.Қаратаев (10).

Жалпы алғанда, Сәбит Мұқановтың повестері өзінің идеялық саралығымен, өмір оқиғаларын екшеудегі принциптілігімен ерекшеленеді. Бұлар, сөз жоқ, болашақ үлкен прозашының сенімді аяқалысын байқататын тәжірибе сатылары еді. Осы повестерінің құрылыстық, сюжеттік, көркемдік өрнектері де түрлі-түрлі. Кейде жазушы қаһарман тағдырын уақиға шытырманының қат-қабатына араласқан тұсында елестетеді. Енді бірде оқиға өріліп, орталық кейіпкердің естелігі түрінде суреттеледі. Бірақ сол шығарманың бәрінің де идеялық нысанасы айқын, ол нысана – бұрын әлеуметтік теңсіздік зардабын шеккендердің революция рухымен оянып, кеңес заманында тың серпінмен жасампаздық еңбекке араласқанын, кеңестік дәуірдің құрылысшысы ретінде қалыптасқанын, өз басынан таусылмас қуат тауып, өмір күрестерінде бірте-бірте шыныққандығын көрсету.

1. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. 16 томдық. 3 том. Алматы, Жазушы: 1972.

2. Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Естеліктер кітабы. Алматы, Жазушы. 1984 ж.

3. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы. Алматы, Мектеп, 1983 ж.

4. Мырзахметов Е. Балуан Шолақтың бір өлеңі. //Қазақ әдебиеті, 1986. №39, 26 қыркүйек.

5. Аупыбаев Ж. Балуан Шолақтың немересі. //Егеменді Қазақстан, 1999, 30 шілде.

6. Мұқанов С. Балуан Шолақ. Алматы: Өнер, 1980 ж.

7. Қирабаев Серік «Тәуелсіздік рухымен» Астана, 2002. 226-241 б.б. Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиетінің классигі.

8. Мақыров С. Тартыс. Жағдай. Характер // «Қазақ ССР ҒА Хабарлары». Филология сериясы, 1989. №4.

9. Р.Кажияқбарова Өмірлік деректен көркем туындыға \ \ Ұлт тағылымы, 2000. №1.

10. М.Қаратаев Бұдан 40 жыл бұрын... «Қазақ әдебиеті», 19 сәуір, 1974 жыл. №16 (1210), жұма.

\* \* \*

Автор статьи анализирует повести С.Муканова, вошедшие в 16-томный сборник избранных произведений. Рассматривает структурные, сюжетные, художественные особенности этих произведений. Определяет их роль и место в становлении его как известного писателя-прозаика.